<p><b>Ойындар, дербес әрекет.</b> <b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Пед жетекшілігімен ойын: «Шатастырма»</b> Көктемде қар жауады. Қазір күз мезгілі? Көктемде қар ериді? Көктемнің бірінші айы наурыз. Қыста жапырақтар сарғаяды? Жыл мезгілдері: қыс, көктем, жаз, күз. Жаз ең суық жыл мезгілі? Күзде бәйшешектер өседі? Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?</p>	<p><b>«Көбелек»</b> Табандарын қатарластырып отырып, тізесін бүгін аяғын барыңша жайып, білектерін айқастырып, табанын құшақтайды. Тізеден бүгілген аяқпен, ыргақты серіппелі тербеліс жасайды. Бала өзін гүлде отырған тәрізді сезініп, тізесін көтеріп, қолын түсіреді.</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Тату тәтті отбасы» <b>Мақсаты:</b> үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. <b>Шарты:</b> Бөлме ішінде әсем әуен ырғағымен жеңіл билеп жүреді. Тәрбиеші әуенді тоқтатып, хабарлама жасайды: «Тату тәтті жанұяда» үш адам тұрады. Балалар үштен, екіден, төрттен бірігеді. <b>Вариативтік компонент «Шебер қолдар»</b> «Анаға арналған шоколад торты» <b>Мақсаты:</b> Балаларға анаға арналған шоколад торты туралы түсіндіру.</p>	<p><b>Шынықтыру шаралар Тыныс алу жаттығу</b> «Итбалық» отырып бір қолын ішіне, екінші қолын кеудесіне қою, ішін тартып демін ішке алу, кеудесін төмен түсіріп, ішін жіберіп том пайтып ауаны сыртқа шығару. «Басын бұру» тұзу тұрып, аяғын иық дейгейінен сәл кішілеу ұстау; басын бір жағына бұрып дыбыспен демін сыртқа шығару.</p>	<p><b>Музыкалық ойын: «Тақия тастамақ»</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың зейінің дамыта отырып, жылдамдыққа үйрету. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші балаларды шеңбер бойына тұрғызады, әуен ойнап тұрады. Тәрбиеші тақияны алып балалардың артында жүреді. Әуен тоқтағанда екі баланың ортасына тастайды. Балалар орнынан тұрып, шеңбер бойымен бір біріне қарама қарсы жүгіреді. Тақияны кім алса, сол жеңімпаз.</p>
<p><b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жеке Мустафамен жұмыс:</b> «Айналамыз толы гүл»</p>	<p><b>Жеке Айым мен жұмыс:</b> «Апта күндері»</p>	<p><b>Жеке Нармин мен жұмыс:</b> «Ойыншықтар»</p>	<p><b>Жеке Адильмен жұмыс:</b> «Қызмет машиналары»</p>	<p><b>Жеке Мединамен жұмыс:</b> «Қайық»</p>
<p><b>Серуенге</b></p>	<p><i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солынтүсіндіру. Серуенге</i></p>				

<b>дайындық</b>	<i>шығу.</i>				
<b>Серуендеу</b>	<i>«Аяғымызбен жер тебеміз»</i>	<i>«Күн мен түн»</i>	<i>«Ұйқышыл түлкі»</i>	<i>«Ұшақтар»</i>	<i>«Аңшы мен қояндар»</i>
<p><b>Таңертеңгі серуен кезеңін бекіту</b></p> <p><b>Ұсақ саусақ маторикасын дамытуға және майтабанның алдын алуға әсер етеді.</b></p> <p>1. Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру.</p> <p>2. Табанға арналған жаттығу.</p> <p>3. Бақайға арналған жаттығу.</p>					
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата-анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.</i>	<i>Бала жайында ата-анамен әңгіме. Сау болыңыз.</i>	<i>Топ бөлмесіне жинақылық жасау. Мен үйге барамын.</i>	<i>Ата-анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.</i>	<i>Демалыс күндер жайлы әңгімелеу. Тазалық туралы ескерту. Сау болыңыз.</i>

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЦИКЛОГРАММА. IV - апта**  
**Ортаңғы «Балапан» тобы**

( 25-29 Сәуір , 2021-2022ж.)

**Өтпелі тақырып:** «Табиғаттың гүлденуі»

**Тақырыпша:** «Гүлденген алма ағашы»

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 25.04</b>	<b>Сейсенбі 26.04</b>	<b>Сәрсенбі 27.04</b>	<b>Бейсенбі 28.04</b>	<b>Жұма 29.04</b>
<b>Балаларды қабылдау</b> <b>Ата – аналармен әңгімелесу</b>	<i>Тәрбиешімен балаларды қабылдау. Дене қызуын өлшеу және тазалығын тексеру. Жеке бас гигиенасын қарау. Жағымды жағдай орнату. Денешынықтыру сабағына қатысып балалардың жағдайын бақылауда ұстау. Серуен уақытында топтарға қварц қосу.</i>				
<b>Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б. )</b>	<i>Балалармен таза киімдер жайында әңгіме жүргізу.</i> <b>«Кім кетті?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар есте сақтай отырып, байқампаздықты үйренеді.	<i>Балалармен денсаулық, тазалық туралы әңгіме жүргізу.</i> <b>«Қақпа ішінде»</b> <b>Шарты:</b> Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарға жайғасады.	<i>Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз.</i> <b>«Қоңырау қайдан естіледі?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар қабырға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.	<i>Спорт көркі өмірдің, Спорт досың, серігің. Жаттықсаң шымыр боларсың, Шынығып, өсіп, толарсың.</i> <b>«Айдаһардың құйрығы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікті біледі.	<i>Шынықсаң шымыр боларсың, Сауығып айдай толарсың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боларсың</i> <b>Қимыл ойын: «Аралар»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын арқылы есте сақтауды біледі.
<b>Таңертеңгі</b>	<b>Сәуір айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</b> <b>Мақсаты:</b> Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына				

<b>жаттығу</b>	<i>тәрбиелеу.</i>				
<b>Таңғы ас</b>	<i>Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру. Асмәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағғына алаңдамауды, бір-біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.</i>				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	<b>ҰОҚөтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу... Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.</b>				
<b>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</b>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Гүлдеген алма ағашы» <b>Мақсаты:</b> Картина бойы нша суреттеу арқылы әңгімелеуге үйрету. Жыл мезгілдерінің ретін бекіту. Сын есім сөздерін қолданып, салыстыра сөйлеуге үйретуді жалғастыру. «Көктем» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту Табиғатты сүйуге, бағалауға тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, сергіту сәті. <b>Көрнекілік:</b> доп, құстардың әндері, суреттер. <b>Шаттық шеңбері:</b> <b>Жұмбақ,</b> Көктемде ақ гүлге оранады, Күзде қолға доп болып оралады.</p>	<p><b>1. Математика</b> <b>Тақырыбы:</b> «Он саны және цифры» <b>Мақсаты:</b> Балалармен 1-9 дейін сандарды геометриялық пішіндерді қайталау. Он санымен және цифрымен таныстыру. Онға дейін тура және кері санау машығын бекіту. «Қанша» сөзі арқылы біріне бірі сұрақтар қоя білуін дамыту. Зейін қоюға, ыждағаттылыққа тәрбиелеу. <b>Әділ-тәсілдері:</b> Санау, салыстыру, көрсету, сергіту сәті, ойын ойнау <b>Көрнекілігі:</b> «Сиқырлы математика», жай қарындаш, сандық, сызғыш. <b>Шаттық шеңбері:</b> Сәлем саған, Алтын Күн! Сәлем саған, Туған Жер!</p>	<p><b>1. Орыс тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Продукты питания» <b>Мақсаты:</b> Активизировать в речи детей словарь по теме; обобщающего слова «продукты»: малоупотребительные в быту слова. Совершенствовать умение образовывать относительные прилагательные. Развивать умение анализировать, сравнивать, выделять характерные, существенные признаки предметов. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> картинки <b>Шаттық шеңбері:</b> Доброе утро! Я рада вас видеть. Давайте поприветствуем друг друга. <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Как вы думаете ребята, о чем мы будем сегодня говорить?</p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> « Табиғатты қорғау ережелері» <b>Мақсаты:</b> Туған өлкенің табиғаттына жауапкершілікпен және аялап қарауға үйрету. Табиғатты барша сұлулығымен сақтауға ынталы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> суреттері. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> әңгімелеу, түсіндіру, сергіту сәті <b>Шаттық шеңбері:</b> Көктем келді тамаша Айнала гүл жаңаша. Қара да сүйсін көзіңмен Жұлма бірақ қолыңмен. С.Мадалиева. <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Балалар, біз бәріміз табиғатқа барамыз. Балалар орманда жүргенде аяқ астына қарап</p>	<p><b>1. Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> « Қарлығашпен танысу » <b>Мақсаты:</b> Балаларды қарлығашпен таныстыру. Жыл құстары туралы білімді жүйелеу. Танымдық қызығушылығын, аңғарымпаздығын дамыту. Жанды нәрселерге сүйіспеншілікті тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> Суреттер, қарлығаш. <b>Шаттық шеңбері:</b> Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Қаырлы таң балалар! Қайырлы таң менің достарым! <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Тәрбиеші қарлығаштың суретін көрсетеді. -Тыңдаңдаршы, оның аты қандай әдемі және сүйкімді-қарлығаш. Бұл өте</p>

<p>Бұл не, балалар?</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Балалар, бізге қонаққа Алдар Көсе келді. Ол «Қанеки, ұйықтама, жыл мезгілін ата» деген ойынды ойнайық.   Кім айтады, қазір жылдың қай мезгілі? Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? Жаздан кейін қандай жыл мезгілі келеді? Күзден кейін қандай жыл мезгілі келеді? <b>«Доп тастау» ойынын ойнау.</b> Балалар, жыл мезгілін атап бір-біріне доп лақтырып ойнайды.  Балалар, мынау суретте қай жыл мезгілі бейнеленген деп ойлайсыңдар?  Алма ағашы неге гүлденеді?  Көктемде ағаштар неге гүлденеді?  Алма ағашы қандай жеміс береді?  Картинада көктемдегі ал</p>	<p>Сәлем саған, достарым! Сәлем саған, балабақшам! Қайырлы таң, балалар! <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Балалар, біз сабақта неге үйрендік, не білдік? Қандай сандарды білдік, нешеге дейін санауға үйрендік, қане қайталайықшы? Кім маған сандарды айтып береді? Жақсы, балалар, сандарды білесіңдер екен. Енді мен сендерді 10 саны мен таныстырамын. <b>10 саны.</b> Әліппеде О-ға ұқсайды. Санда нөлге ұқсайды. Жеке тұрсам мәнім жоқ, Бір орынды ұстаймын.  Балалар, енді бәріміз хормен айтайық.  Мынау 10 саны, олекі саннан тұрады. Ол 1 және 10 саны. Ол тоғыз саннан кейін тұрады. Мынау суретке қарап, 1 және 10 санды салыстырайық. Ісанда қанша гүл тұр?  10 санның қасында неше гүл тұр санайықшы? 1 және 10 саны тең ба?</p>	<p>Как вы думаете что можно приготовить из молока? Молоко, масло, кефир, сметана, творог, йогурт это молочные продукты. А что можно приготовить из мяса? Мясо, ветчина, колбаса, сосиски, котлеты, сардельки это мясные продукты Догадайтесь, какие продукты можно купить в булочной? Хлеб, батон, булочка, пирожок, пирог, торт это хлебобулочные изделия. Дидактическая игра: «Что где лежит?» Например: хлеб - в хлебнице, сахар в сахарнице. Физкультминутка: Жили были масло, молоко, кефир, Сметана, творог, вкусный сыр. Конфеты, зефир, мармелад, Ирис, пастила, шоколад. Мясо, сало, колбаса, Булки, сушки и самса. Соки, овощи и фрукты, Называем их продукты, Называем их еда.</p>	<p>жүрінден. Абайлап жүреміз мында қоқыс, сыңғар шынылар, қағаз, консервалар кездеседі. Аяқтарына, қолда рына тімесін. Балалар осы табиғатқа қоқыс тастауға болады ма? Табиғаттың ауасы таза, құстар ән салады. Ал қалада шаң, газдар, шу. Табиғатқа демалуға барғанда адамдар тамақ, доп, алаша, сіренке алады. Сосын бәрін қоқысты қалдырады, ол адамдар жаман, ақылсыз. Сіренкені мөлдем алуға болмайды, табиғатта алау тұтату өте қауіпті айнала құрғақ шөп, өрт шығуы мүмкін. Өсімдіктер, құстар жануарлар өліп қалады, және тіпті адамдар да зардап шегуі мүмкін. Қызық, табиғат аясында өзінді қалай ұстау керек екенін білдік. <b>Осы ережелерді естеріне сақтауға тырысындар: Тыйым салынады.</b> Айқайлауға, шулауға. Өсімдіктерді құшақ құшақ етіп жұлуға. Алау жағуға.</p>	<p>әдемі және пайдалы құс. Адамдардың қасында өмір сүреді. Қыс бойы және күздің сонында біз қарлығаштарды көрген жоқпыз-жәндіктер жоғалып, тығылып қалғандықтан, оларға жылы елдерге ұшып кетуге тура келді. Жаз туып еді-міне олар тағы да бізбен бірге. Ұя салды, балапан шығарды. Енді олардың бір ғана қамқарекеті бар-балапандарын асырау қажет. Олар әр уақытта тамақтанғылары келеді. Бір күннің ішінде қарлығаш өте көп жәндіктерді: маса, шыбын, әртүрлі құрттарды ұстайды. Қарлығаштар өздерімен қатар өмір сүргенге адамдар қуанады, өйткені қарлығаштар мазаларды алатын жәндіктерден қорғайды. Сондықтан қарлығаштарды бәрі жақсы көреді.</p>
--	---	---	--	--



	<p>ма бағы бейнеленген. Ауа райы жылы, күн ашық. Ал ма ағаштарында аппақ иіс-тері аңқыған гүлдер шешек атқан. Алма ағаштары тура келіншектің көйлегін киіп алғандай. Алма ағаштарының аңқыған жұпар иістеріне жәндіктер үймелеп, ұшып келеді. Ағаштың гүлдеріне көбелектер, аралар, қоңыздар қонақтауда. Олар оның тәтті шырының соруда. Құстардың көңілді әндері естіледі. Маған көктемдегі алма бағы ұнайды.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Көбелек-ау, көбелек, Әдемісің керемет! Гүлге келіп қона ғой, Өзің де гүл бола ғой.</p> <p><b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> Бүгінгі сабақтан біз не білдік?</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Білу керек:</b> Балалар ағаштар қашан гүлденеді <b>Болу керек:</b> Балалар сабаққа қатысуға, қызықты болу керек</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ұзындыққа»</p>	<p>Балалар, 1-10ға дейін тұра және кері санап көрейік.</p> <p><b>1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.</b> <b>10,9,8,7,6,5,4,3,2,1.</b></p> <p><b>«Қандай сан жасырынып қалды?» дидактикалық ойын.</b> Балалар, біз төрт топқа бөлініп, «Қандай сан жасырынып қалған?» деген ойынды ойнайық. Берілген суреттерге қарап, ойланып жасырынған санды тауып жасауың беріңдер.</p> <p><b>Сергіту сәті: «Тәулік бөліктері»</b> Балалар, сендер тәулік мезгілдерін білесіңдер ме, айтып беріңдерші?</p> <p>Ендіше, аталған тәулік мезгіліне сәйкес қимылдарын айтып, жасайықшы. Алғыс, айтсың, ал біз оның артынан қайталайық.</p> <p><b>«Қанша?» дидактикалық ойын.</b> Балалар, суреттерге қарап, санап «Қанша?» деген</p>	<p>Очень любим их всегда! <b>4К модельі коммуникация ,бала үні</b> <b>Рефл-ті коррекциялау</b> <b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Білу керек:</b> знать продукты питания <b>Болу керек:</b> быть воспитанными, вежливыми</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру» <b>Мақсаты:</b> Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету. Ептілік, күш, шапшаңдық сияқты қасиеттерді дамыту. Қапшықты алысқа лақтыруға жаттықтыру.</p> <p><b>Құрал-жабдықтары:</b> қапшықтар, қапшықтар. <b>Мотив. қозғаушылық</b> Жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру. Жүру. Екі сапқа тізіліп тұру. <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> <b>1. Кегельмен орындалатын ЖДЖ:</b></p>	<p>Өсімдіктерді таптауға. Жануарлардың тұратын жерлерін қаусатуға. Құстар мен жәндіктерді аулауға. Жануарлардың төлдері мен бала пандалды қолмен ұстауға. Демалыс орнын ластауға.</p> <p><b>Рұқсат етіледі:</b> Жануарларды олар жеуге болатын тамақпен қоректендіруге. Шөп себуге. Өсімдіктерді күтуге. Құстардың ұя салған орындарын аялауға. Құмырсқа илеулерін қоршауға. Тазалық сақтауға.</p> <p><b>Рефл-ті коррекциялау</b> <b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Білуі керек:</b> табиғатты қорғау ережелерін білу керек. <b>Болуы керек:</b> жаңа заттарға қызығушылықпен қарап, қастерлей білу.</p> <p><b>2. Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік ән мен би» <b>Мақсаты:</b> би қимылдарын еркін орындауға, түрлі сипаттағы</p>	<p>Қарлығаш-ұзын сүйір қанаттары бар кішкене құс. Тәсі- ақ, ал арқасы, қанаттары және құйрығы қара. Оның айыр құйрығына назар аударындаршы, ол шанышқыға ұқсайды.</p> <p><b>Рефл-ті коррекциялау</b> <b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> Біз бүгін қандай құспен таныстық? -Қарлығаш қандай пайда әкеледі? -Ол қыста неліктен жылы жаққа ұшып кетеді? <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Нені білді:</b> Қарлығаш туралы толықтай мағлұмат біледі <b>Қандай түсініктерді игерді:</b> Жалпы құстың ерекшеліктерін игерді.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Тігінен тұрған нысанаға лақтыру» <b>Мақсаты:</b> Тігінен тұрған нысанаға оң және сол қолмен лақтыруды</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>секіру »  <b>Мақсаты:</b> Балаларға тақ тайшамен орында латын жаттығуларды үйрету. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Тепе теңдік сақтап жүруге дағдыл андыру: бір орыннан биіктікке секіруге жаттықтыру.  <b>Құрал-жабдықтары:</b> әр балаға секіртпе, орындық, шығыршық, төсеніш, тақтайша  <b>Мотив.қозғаушылық</b>  Бір қатар сапқа тұру.  Санап жүру: 1-2-дем алу 3-4-5-дем шығару 1-2-3-дем алу 4-5-6-дем шығару 1-2-3-дем алу 4-5-6-7-дем шығару  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  <b>1.Секіртпемен орындалатын ЖДЖ</b>  Б.қ.: негізгі тұрыс, екі бүктелген секіртпені төменде ұстау. 1-2- аяқтың ұшы мен тұрып, секіртпені жоғары көтеру; 3-4-бастапқы қалыпқа оралу.  Б.қ.: екі аяқтың арасын ашып тұру, секіртпені төменде ұстау. 1- секіртпені жоғары да ұстау, оңға қадам жасап, оңға иілу: 2-тік тұру, секіртпені жо</p>	<p>сұраққа жауап беріңдер?  <b>«Пішіндерді сипаттауы бойынша таны» дидактикалық ойын.</b>  Геометриялық пішіндердің аттары мен өзіндік ерекшеліктерін қайталаймыз. Балалар, мен пішіндерді ауызша сипаттаймын, ал сендер оны танып, атап көрсетесіңдер.  Өзі домалайды, бұрыштары жоқ, допқа ұқсайды.  Оның үш бұрышы бар, доп мала алмайды, пирамидаға, үйдің шатырына, самсаға ұқсайды.  Ол домала алмайды, оның төрт бұрышы бар, ол теледидарға, кубикке ұқсайды, оның төрт қабырғасы тең.  Өзі дөгелекте емес, жұмыртқаға ұқсайды.  Ол төртбұрышқа ұқсайды, бірақта төртбұрыш емес. Конвертке ұқсайды  Оның екі қабырғасы тең.  <b>Реф-ті коррекциялау</b>  -Біз не білдік?  <b>Күтілетін нәтиже:</b></p>	<p><b>Б.қ.:</b> негізгі тұрыс, кегельдер төменде. 1-кегельдерді екі жаққа созу. 2-кегельдерді жоғарыға көтеру. 3-кегельдерді екі жаққа созу. 4-алғашқы қалыпқа оралу.  <b>Б.қ.:</b> аяқты екі жаққа кеңінен ашып тұру, кегельдерді кеуде тұсында ұстап тұру. 1-кегельдерді екі жаққа созу. 2-алға иілу, кегельді еденге тигізу. 3-тік тұру, кегельдерді екі жаққа ұстау. 4-б.қ. келу.  <b>Б.қ.:</b> негізгі тұрыс: қолдары белдерінде, кегельдер еденге. Қос аяқпен секіру, кегельдің айналасында екі бағытта оң және сол аяқпен кезек кезек секіру.  2. Орта қарқынмен 40сек. (80м) сонан соң баяу ырғақпен 40м жүру.  <b>Реф-ті коррекциялау</b>  Шеңбер бойымен жүру.  <b>түсінеді:</b> бір орында тұрып ұзындыққа секіру шарттарын;  <b>қолданады:</b> көлбеу қойылған нысанаға лақтыру туралы түсінікті ;</p>	<p>әуенді қабылд ауға баулу, дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғым ын қалыптастыру.  <b>Мотив.қозғаушылық</b>  Қоян балалармен сәлемдеседі.  -Балалар, мені танысыңдар ма? Мен қоянмын, Сәбізді жеп тоямын. Жемістерді көп жинап, Қысқа сақтап қоямын.  -Балалар, менің сендермен танысымын келеді.  -Балалар, сендер мен сияқты қатты қол шапалақтамай аласыңдар ма?  Аяқтарыңды тез топылдай аласыңдар ма?  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  Ақ қоян, ақ қоян,  Ұзын құлақ сақ қоян,  Ақ қоян, ақ қоян,  Жүйрік аяқ сақ қоян! -деп балалардың қимылмен көрсетулерін сұрайды. Қоян балаларды әрі қарай көңілдендіру мақсатымен:  -Сендермен сияқты секіре аласыңдар ма? Кәне, бірге секірейікші! - деп ұсыныс жасайды.  «Қояндар» (Е.Тиличеева) әуеніне ілесе секірулерін сұрайды.  -Рақмет, балалар! Мен әдемі әшекейлер ала келдім,</p>	<p>жетілдіру. Ептілік қасиетін дамыту. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету.  <b>Құрал-жабдықтары:</b> сылдырмақтар, доп..  <b>Мотив.қозғаушылық</b>  Бір қатар сапқа тұру. Бір қатар тізбекпен жүру және жүгіру, бір бірінен 40см қашықтықтағы жіптерден аттап өту.  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  <b>Сылдырмақпен орындайтын ЖДЖ</b>  1. Б.қ.: отырып, аяқтардың арасын сәл ашу, бір қолында сылдырмақты ұстау. Дәл солай екінші қолмен орындау.  Б.қ.: сылдырмақ алға қарай созылған екі қолда. Алға иілу.  Б.қ.: шалқақтан жату, сылдырмақтар екі қолда, қолдарын екі жанында ұстау. Отырып, сылдырмақтарды екі аяқтың ұшына тигізу.  2. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.  3. Тігінен қойылған нысанаға құм салынған қапшықтарды лақтыру әр қолмен орындалады.</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>ғары көтеру: 3-бастапқы қалып . Б.қ: негізгі тұрыс, секіртпе төменде. 1-2-отыру, секіртпе төменде: 3-4-бастапқы қалып. 2. «Белгілі бір түстегі доптарды кім жылдам жинап шығады?» ойын. Шарты: алаңда түрлі түсті доптар жатады Балалар бір түсті доптарды жинайды. <b>Реф-ті коррекциялау</b> 20 секундқа дейін тынысты кідірту. Көзді жұмып жүру. <b>түсінеді:</b> ойын шартын қолданады: биіктікке секіру дағдыларын. <b>4К модельі командалық, бала үні</b></p>	<p><b>Білу керек:</b> бірден оңға дейін санау білу керек; <b>Болу керек:</b> Ұқыпты, ақылды, зейінді болу керек. <b>2. Сурет</b> <b>Тақырыбы:</b> « Алтын балықты аквариум» <b>Мақсаты:</b> Балықтарды сала білуді, үлгіге көбірек ұқсастыра отырып, ұсақ бөлшектермен толық тыруды үйрету. Қимылдың дәлдігін, шығармашылықты дамыту. Біж дағаттылыққа, сурет салуға және бір-біріне көмектесуіне ынталы болуға тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, сурет салу <b>Жылулық шеңбері:</b> Қол алысып кәне біз Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге Тез тұрыңдар шеңберге. <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Жұмбақ- Үй ішінде - бөлме Бөлме іші-көлде Түрлі ұсақ балық Жүзді сайран салып. Бұл не?  Мына аквариумның суретіне назар аударайық</p>		<p>сендерге сыйлаймын, - деп балаларға шымылдық ішінен ұсынады. Әшекейлер әдемі Бірге тербеледі. Қолымызда жарқырап, Сәнге бөленеді, - деп әндемеді. Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. «Әшекейлермен би» (А.Жилинский). Педагогтің көрсетуімен би екі рет қайталанады. Әшекейлерді дұрыс ұстап, қозғап, айналу үйретіледі. - Ал енді қоянды көңілді бірге шақырайық, балалар. Балалардың жұп жасып тұруларын, би қимылдарын ырғақты сезіне орындауларын бақылайды. <b>Реф-ті коррекциялау</b> Балалар, маған сендермен бірге болған ұнады. Өнерлі, әнші, биші балалар екенсіңдер! <b>Біледі:</b> әннің сөзін анық айтуды, <b>Игереді:</b> қатты және ақырын, ауыспалы сипаттағы әнді орындауды. <b>Меңгереді:</b> әшекейлер ұстап билеуді, ырғақпен айналу, иілуді. <b>4К модельі командалық, бала үні</b></p>	<p><b>Реф-ті коррекциялау</b> өз бетінше тапсырманы орындай алмайтын балаларға көмектеседі. <b>түсінеді:</b> негізгі жаттығуларды қолданады: гимнастикалық қабырғада өрмелеу.</p>
--	--	--	--	--	---

шы. Аквариумда балықтардан басқа да тұрғындар: ұлулар мен балдырлар бар. Әдемілік үшін және балықтарға жайлырақ болу үшін аквариум ішіне жармас, шекемтас, ұлутас орналастырады. Марғау бізге қонаққа келді, ол аквариумдағы балықтарды аулағысы келетінін айтады. Марғау, балықтарды жеуге болмайды, саған апай дүкеннен басқа балықты сатып алады. Жоқ балалар, бірақ олар әдемілік үшін, бізді көзімізді қуанту үшін жаратылған балықтар.

Орындау тәсілі:

1. Жай қарындашпен ұштарын түйістіріп екі жарты доға саламыз.
2. Тұлғанын бір бөлігі жарты доғамен бөліп, бас жасаймыз. Ұсақ бөлшектермен
3. Төменгі және жоғарғы жүзбе қанаттарды саламыз.
4. Құйрықтағы жүзбеқа саламыз.
5. Көз, ауыз және қабыршақ суреттерін саламыз.
6. Балықты сары түспен

### 3. Мүсіндеу

**Тақырыбы:** Ұлу

**Мақсаты:** Ұлуды мүсіндеуді үйрету, бейне ермек саз жолағын спираль бойынша айналдыра бүктеу жолымен жасалады. Бейнеленетін нысанға көбірек ұқсатуға тырысуды үйрету. Шығармашылық әлеуетті дамыту.

#### **Жылулық шеңбері**

Амансызба алтын күн  
Жарқыраған жарқын күн  
Маған мейірім мен шуақ бер

Қуаныш пен бақыт бер.

Қайырлы таң, балалар!

#### **Ұйымдастыру ізденістер**

жұмбақ шешейік:

Үй ішінде өзі отыр

Қос антенна төбеде

Бояу ғана жылжиды

Білсең, айтышы,

немене?/ұлу/

Дұрыс, балалар тағы не

үйін өзі арқалап жүреді?

Ұлулар барлық жерде бақ

та, бақшада, су қоймасы

нда өмір сүреді.

Ұлу мынадай бөліктерден

тұрады: тұлға, бас, қабы

ршақ. Баста сезімтал мүйізшелер бар.

Орындау тәсілі:

1. Қоңыр түсті ұзын да

жуан шұжықшаны қабы

бояймыз.  
 7.Суретті ұсақ бөлшек термен:балдыр, шекем тас және т.б. толықтырамыз.  
**Саусақтарға гимнастика**  
 Бала, бала, балақан  
 Қане қайсы алақан?  
 Саусақтарын әйбәт  
 Былай-былай ойнат.

Балалардың өз бетін ше жұмыс істеуі, қажеттілігіне қарай жеке көмек көрсетіледі  
**Сергіту сәті**  
 Бойды бүкпей тік ұста,  
 Еркін тұрып тыныста.  
 Жай оң қолды оң жаққа,  
 Жай сол қолды сол жаққа.  
 Қолды айналдыр бұлданбай,  
 Екі шеңбер сызғандай.  
 Сәл тынығып байқа да  
 Он шақты рет қайтала!  
**Реф-ті коррекциялау**  
 Біз не білдік?»  
 Бүгінгі сабақта ненің суретін салдық? Қандай бояуларды пайдаландыңдар?  
**Күтілетін нәтиже:**  
**Нені білді:**Балықтарды сала білу,ұсақ бөлшекте

ршақ жасау үшін илеп есеміз  
 2.Шұжықшаны спираль бойымен ораймыз.  
 3.Сары түсті қысқа шұжықша есеміз, бұл дене.  
 4.Бейнені домалақ баспен толықтырамыз.  
 5.Бастан жіңішке мүйізшелерді созып шығарамыз.  
 6.денені қабыршаққа біріктіреміз

**Саусақ жаттығуы**  
 Бір үйде біз нешеуіміз?  
 Кел санайық екеуіміз.  
 Бас бармағым – атам,  
 Балан үйрек – апам,  
 Ортан терек – ағам,  
 Шылдыр шүмек – мен,  
 Кішкентай бөбек – сен,  
 Бір үйде біз нешеуіміз?  
 Бір үйде біз бесеуіміз.

**Реф-ті түзетушілік**  
 Біз нені мүсіндедік?  
 Қандай түсті ермексазды пайдаландық?  
**Күтілетін нәтиже:** Білу керек: балалардың ұлу туралы білімдерін тереңдету  
**Болу керек:** балалардың мүсіндеу тәсілдерін меңгеріп, әдістерін игере алады.

		<i>рді, шығармашылығын арттыруын білу керек. Болу керек: Сурет салуға ынтасы, бір-біріне көмектесу деген сезім болу керек</i>			
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.</b> <b>Киіну:</b> Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуендеу</b>	<b>Картотека № 3</b>	<b>Картотека № 4</b>	<b>Картотека № 6</b>	<b>Картотека № 8</b>	<b>Картотека № 9</b>
<b>Эстафеталық ойындар</b> <b>«Самокат тебу» шарты:</b> Самокатпен жүріп кедергілердің арасынан өтіп жарысу. <b>«Арқан тарту» шарты:</b> Белгі бойынша әрбір топ арқанды өз жағына арай тартады.					
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</b>				
<b>Түскі ас</b>	<b>Әңгіме жүргізу.</b> Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қоқымын жерге түсірмей, тамақтану әдетін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
<b>Ұйқы</b>	<b>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары</b>	<b>Жаттығу кешені</b> Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. <b>Картотека қосымша тігілген</b>	<b>Жаттығу кешені</b> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық <b>Картотека қосымша тігілген</b>	<b>Жаттығу кешені</b> Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық. <b>Картотека қосымша тігілген</b>	<b>Жаттығу кешені</b> Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда-мында созылып Тарқасайық, тұрайық. <b>Картотека қосымша тігілген</b>	<b>Жаттығу кешені</b> Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпі сін, Ұйқымызды ашайық. <b>Картотека қосымша тігілген</b>

<p><i>Ойындар, дербесәрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</i></p>	<p><i>Музыкалық ойын жаттығулар «Сиқырлы текше»</i>  <b>Мақсаты:</b>Текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембірін өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру.  <b>Ойын шарты:</b>Көңілді қиын емес әуен ойналады. Тәрбиеші және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір біріне қолдарына беріп, тақпақ айтады. Алма кепті домалап, Көше бойын аралап. Кім алманы табады, Сол ойыннан шығады.</p>	<p><i>Музыкалық ойын жаттығулар «Күннің көзі және бұлт»</i>  <b>Мақсаты:</b>Әуеннің мазмұнын ажырата білу  <b>Ойын шарты:</b> Балалар пьесаны тыңдайды. Пьесаның мазмұны көңілді болса күннің көзін шығарады, көңілсіз болса бұлтты, ал жәйғана орташа болса күннің көзімен бұлт арласқан карточканы шығарады.</p>	<p><i>Музыкалық ойын жаттығулар «Ырғақтық лото»</i>  <b>Мақсаты:</b> нотаның ұзындығын ажырату.  <b>Ойын шарты:</b> Көрнекті құралға орнатылған ноталар бойынша, қай кезде қысқа, қай кезде ұзын нота келетінін ажыратып, сол әуенді шапалақпен орындап беру.  <b>Вариативтік компонент</b>  «Шебер қолдар»  «Адам бейнесі »  <b>Мақсаты:</b> балаларға адам бейнесі туралы түсіндіру.</p>	<p><i>Музыкалық ойын жаттығулар «Қатты және ақырын әуен»</i>  <b>Ойын шарты:</b> Пьеса ойналады. Балалар оның көңілді, ойнақы мінезін аңықтайды. Осы пьеса да музыка қалай өзгергенін айтады. (қатайды ма? ақырындады ма?) Пьеса қайта ойнағанда осы көрнекті құрал арқылы музыканың мінезінің өзгерісін, яғни музыка баяу болса ашық түсті төртбұрыштыны қояды.</p>	<p><i>Ырғақ сезімдерін дамытуға арналған ойындар «Біздің саяхат»</i>  <b>Ойын шарты:</b> Балалар шеңберде отырады, ән күй жетекшісі балаларға саяхатқа баратындарын айтады. Көз алдарына елестетіп, қимыл қозғалыс жасайды</p>
<p><i>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</i></p>	<p><b>Жеке Мустафамен жұмыс:</b> «Гүлдеген алма ағашы »</p>	<p><b>Жеке Айым мен жұмыс:</b> « Оң саны және цифры»</p>	<p><b>Жеке Нармин мен жұмыс:</b> «Продукты питания »</p>	<p><b>Жеке Адильмен жұмыс:</b> «Табиғатты қорғау »</p>	<p><b>Жеке Мединамен жұмыс:</b> «Қарлығашпен танысу »</p>
<p><i>Серуенге дайындық</i></p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>				

Серуендеу	«Жәндіктерді бақылау»	«Күннің көзін бақылау»	«Ауа райын бақылау»	«Көлік түрлерін бақылау»	«Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау»
<p><b>Эстафеталық ойындар</b></p> <p><b>1. «Жасыл қияр» Шарты:</b> балалардың тіл байлығын дамыту, ұйымшылдыққа үйрету.</p> <p><b>2. «Өрмекші мен шыбын» Шарты:</b> балалардың қимыл қозғалыс, бақылағыштығын дамыту.</p>					
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	Ата анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата аналарға сауалнама тарату.	Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.	Ата аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру



**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЦИКЛОГРАММА. I- апта**  
**Ортаңғы «Балапан» тобы**

( 04-08 Сәуір , 2021-2022ж.)

**Өтпелі тақырып:** «Табиғаттың гүлденуі»

**Тақырыпша:** «Аспан мен күн»

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 04.04</b>	<b>Сейсенбі 05.04</b>	<b>Сәрсенбі 06.04</b>	<b>Бейсенбі 07.04</b>	<b>Жұма 08.04</b>
<b>Балаларды қабылдау</b> <b>Ата – аналармен әңгімелесу</b>	<i>Тәрбиешімен балаларды қабылдау. Дене қызуын өлшеу және тазалығын тексеру. Жеке бас гигиенасын қарау. Жағымды жағдай орнату. Денешынықтыру сабағына қатысып балалардың жағдайын бақылауда ұстау. Серуен уақытында топтарға қварц қосу.</i>				
<b>Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)</b>	<p><b>Құрылымдалған дидактикалық ойын</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бұл қай кезде болады?» <b>Мақсаты:</b> Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды <b>Шарты:</b> Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін ерекшеліктерін айтады. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар жыл мезгілін жатқа білу керек. (бала үні, сыни ойлау)</p>	<p><b>Құрылымдалған дидактикалық ойын</b> <b>Тақырыбы:</b> «Өз үйіңді тап» <b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл іс дағдылары, ойлау қабілеттері дамиды. <b>Шарты:</b> Кілемнің үстінде геометриялық фигуралар жатады. Олар қолдарында карточка болады. Музыка ойнап тұрады. Балалар кілем үстімен жүреді. Музыка тоқтағанда әр кім өз үйшігіне барады. Білмеген бала ойын аянып шығады. (бала үні, сыни ойлау)</p>	<p>Спорт көркі өмірдің, Спорт досың, серігің. Жаттықсаң шымыр боларсың, Шынығып, өсіп, толарсың.</p> <p><b>Құрылымдалған дидактикалық ойын</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көлеңкесін тап» <b>Мақсаты:</b> Балалар заттардың көлеңкесін тауып орналастыруды үйренеді. <b>Шарты:</b> Балалар қолдарын дағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады. (бала үні, сыни ойлау)</p>	<p>Ойнайық, ойнайық та ойлайық! Қатардан артта қалып қоймайық, Белсенді болайық ортада, Уақытты тектен тек жоймайық!</p> <p><b>Еркін ойын:</b> «Деньеш блогтары» <b>мақсаты:</b> ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады. (бала үні, Тікелей бақылау)</p>	<p>Шымыр, сергек денеміз Спорт сүйер өренбіз! Біз биіктен самғаймыз, Қарсыластан қалмаймыз.</p> <p><b>Құрылымдалған дидактикалық ойын</b> <b>Тақырыбы:</b> «Артығын тап» <b>Мақсаты:</b> Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Суреттерді атай отырып, не артық екенін айтады.</p>
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Сәуір айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</b> <b>Мақсаты:</b> Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына				

	<i>тәрбиелеу.</i>				
<b>Таңғы ас</b>	<i>Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру. Асмәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағғына алаңдамауды, бір-біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.</i>				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	<b>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу... Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.</b>				
<b>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</b>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> « Аспан мен күн» <b>Мақсаты:</b> Аспан әлемі және күн туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорларын кеңейту, логикалық ойлауын, табиғат құбылыстарын байқағыштығын дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. <b>Әділ-тәсілдері:</b> суреттер <b>Шаттық шеңбері:</b> - Армысыз, қайырымды Аспан –Ата! -Армысыз, мейірімді Жер – Ана! -Армысыз, шұғылалы Алтын күн! <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> <b>күн туралы жұмбақ:</b> Таңмен көзін ашады. Әлемге нұрын шашады. Бұл не? Бүгінгі күн қандай? Күн қандай болады? Күннің түсі қандай? Күннің көзі жарқырап</p>	<p><b>1. Математика</b> <b>Тақырыбы:</b> «Тәулік бөліктері» <b>Мақсаты:</b> Тәулік бөліктерін қайталау. өз танымдарын режимді үдерістер мен байланыстыра білуді үйрету. Есеп нәтижесін санылар көмегімен белгілеу машығын дамыту. <b>Әділ-тәсілдері:</b> Санау, салыстыру, көрсету, сергіту сәті, ойын . <b>Көрнекілігі:</b> «Сиқырлы математика», жай қарындаш, сандық, сызғыш. <b>ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.</b> <b>Шаттық шеңбері:</b> Балалар жұмбақ шешуге қал айсыңдар? 1. Ақ қонақ, Қара қонақ, Бірін-бірі қуады, Кезек келіп тұрады. Бұл не? <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b></p>	<p><b>1. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көктем туралы өлеңдер» <b>Мақсаты:</b> Өлеңді зейін қойып тыңдап, мазмұны бойынша әңгімелей білуге үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> Түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап, сергіту сәті, ойын ойнау. <b>Шаттық шеңбері:</b> Көктемде. Көктем, көктемде, Құстар келіп жеткенде, Қуанып бір қаламыз, Әнмен қарсы аламыз. <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Балалар, бізге қонаққа қуыршақ Айсулу келді. Ол қазір қай жыл мезгілі деп сұрады? Көктемде қандай өзгерістер болады?</p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қарашы, бұл дүние неткен гажан!» <b>Мақсаты:</b> Балаларға «Отан» түсінігін беру. Қабыл дауды, эстетикалық талғамды дамыту. Өз Отанын, ауылының атауын бекіту. Патриоттық сезімге, туған өлкенің табиғатына аялы көз қарасқа тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> суреттер <b>Шаттық шеңбері:</b> Достық ұлы туымыз. Дос бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі. Ұлы Отаным, Гүл Отаным- Тыныштықтың бесігі. <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> Қараңдаршы, біздің Отанымыз қандай тамаша. Біздің Отанымыздың аумағында</p>	<p><b>1. Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көше» <b>Мақсаты:</b> Құрылыстың жалпы сюжетіне сәйкес құрылыс салуды, шамасы түрі, түсі бойынша бөлшектерді таңдауды үйрету. Құрылыстың мазмұнына сәйкес берік конструкция жасауды үйрету. Шығармашылыққа, бастамашылдыққа және дербестікке тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> <b>коструктор</b> <b>Шаттық шеңбері:</b> Қуанамын мен де, Қуанасың сен де Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге. <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> <b>Әңгіме жүргізіледі:</b> - Біздің республикамыз қалай аталады? - Біз тұратын қала, ауыл қалай аталады?</p>

	<p>шыққан кезде табиғат құлпырып, гүлдер, шөптер, құстар, жануарлар, адамдар ұйқыдан оянып өздерін қуанышты сезінеді.</p> <p>Балалар, аспанда күн болмаса, дала қандай болады? Күн бізге, жерге жылуын, сәулесін шашып тұрады.</p> <p>Аспанның түсі қандай? Аспанда тағы не көрдіңдер? Бұлттардың түсі қандай? Бұлтты күні аспаннан не жауады? Түнгі аспанда не көрдіңдер? Күндізгі аспанда күн, бұлт, ал түнде ай мен жұлдыздарды көруге болады.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b>  <b>«Күн ұйықтайды»</b>  Күн ұйықтайды.  Күн оянады,  Жел соқты.  Жаңбыр жауады.  Бұлт түнерді.  Найзағай шатырлады.  Күн ашылды, жел басылды.  <b>«Сары түсті не болады?» ойын.</b>  Шарты: тәрбиеші төрт үйрек және төрт балапанды бір қатарға қояды.</p>	<p>Балалар бізге қонаққа добымен кірпі келді. Ол сендерге <b>«Кім біледі, сол одан әрі санасын» ойынын</b> ойнауды ұсынады. <b>Мақсаты:</b> өз жол-дастарының жауаптарын мұқият тыңдауға үйрету; тура және кері санау машықтарын дамыту. Тәрбиеші допты лақтырады да, бір санды айтады, бала допты ұстап алып, одан кейін реті бойынша келетін санды атайды, допты келесі балаға қарай лақтырады немесе қолмен береді және т.б.</p> <p>Енді сендерден кірпі тәулік бөліктерін білесіңдер ме? - дейді.</p> <p>- Сендер тәңертең не істейсіңдер?  - Күндіз ше?  - Кешке?  - Түнде?</p> <p><b>Сергіту сәті:</b>  <b>«Тәулік мезгілдері»</b>  Балалармен тәулік мезгілдерді сәйкес айтамын, ал сендер қимылмен көрсетіңдер.  Тәңертең-оянамыз, жуы</p>	<p>Бүгін қандай күн?  <b>«Сөйлемдерді толық тыр!» дидактикалық ойын.</b>  Балалар, мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтандар.  Күн жылына.....  Қар.....  Құстар ұшып.....  Аңдар ұйқыларынан.....  Көк шөп.....  Ағаштар бүршік.....</p> <p><b>Сергіту сәті: Көктем келді.</b>  Күн, сен неге күркірейсің?  Жаңбыр, неге сіркірейсің?  Бұлақ, неге сылдырайсың?  Құлын, неге құлдырайсың?  Гүлдер, неге жайнайсыңдар?  Құстар, неге сайрайсыңдар?  Бұл өлеңді қандай көңіл күймен оқу керек деп ойлайсыңдар?  Бұл өлеңнен көктем келіп, айналаның барлығы қуанышқа бөленіп жатқандай сезіледі. Күн күл</p>	<p>таулар, теңіздер, әдемі шалғындар мен далалар бар. Тауларда, далаларда және ормандарда көптеген құстар мен жануарлар тіршілік етеді. Мұнымен қоса Қазақстанда мейірімді, қонақжай тамаша адамдар тұрады. Олар қонақтарды әрдайым қуана қарсы алады, шай ұсынып, үйлеріндегі ең жақсы тағамдарды алдырына тартады. Біздің балабақшаның аумағында спиреяның әдемі бұталар, көк құртқашаш өсіп тұр. Егер әрқайсымыз осы гүлдерден бір бірден жұлып алсақ, не болар еді?</p> <p><b>Н.Бромлейдің «Бәрі үшін» өлеңін оқу және сұрақтарға жауап беру:</b>  Балалар неге бәрін екіге бөлді?  Неліктен бұлттарды, ормандарды, араларды, теңіздерді, өзендер мен тауларды бөлуге болмайды?  Біз өз Отанымызды қалай аялап сақтаймыз?</p>	<p>- Сендерге біздің балабақша ұнай ма?  - Үйлерді қандай мамандық адамдары салады? Біз бүгін әдемі көше саламыз, онда жаңа балабақша, мектеп, стадион және тіпті мұз сарайы болады.</p> <p>- Біздің көшемізде тағы не салуға болады? Тәрбиеші картон жолақтарын жолдарды жайып қояды да, оның екі жағына үйлер мен ғимараттар салуды ұсынады. Балалардың әрқайсысынан не салғысы келетінін сұраған жөн.</p> <p><b>Рефл-ті коррекциялау Қорытындылау: Біз не құрастырдық? Көше</b></p> <p><b>2. Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Жұп болып тұрып жаттығулар орындау»  <b>Мақсаты:</b> Жұптасып жаттығулар жасауға үйрету. Бірлікке баулу. Затты игеру, жалаушамен орындалатын жаттығуларды жасап меңгерту.  <b>Құрал-жабдықтары:</b> әрқайсысына жалауша лар, доп, төсеніштер.</p>
--	---	--	---	---	---

<p>-Бұл не ? Олардың түстері қандай, неліктен оны күнмен салыстырамыз? Үйрек пен балапанның теңдей екенін қалай білуге болады? Тәрбиеші үйрек пен балапанның теңдей екенін білу үшін оларды екіден қою керек екенін түсіндіреді.</p> <p>- Сендер үйрек пен балапанның теңдей екенін қайдан білдіңдер? Тәрбиеші бір балапанды алып тастап, үйрек пен балапан теңдей бөлінгенін сұрайды.</p> <p>- Балапан жалғыз, сондықтан үйректер балапандардан көп. Үйрек пен балапан бірдей болу үшін не істеу керек? <b>4Кмодельі сыни шабу ,бала үні</b></p> <p><b>Рефл-ті коррекциялау</b> <b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> Күн үлкен, сары, ыстық. Күн бізге жылу, жарық береді. Күндіз аспанда күн болады. Түнгі аспанда ай мен жұлдыздар бізге жарық беріп тұрады.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жұқпалы аурулар және олармен күрес» <b>Мақсаты:</b> Микроб</p>	<p>намыз, тісімізді тазалаймыз, шашаымызды тараймыз.</p> <p>Күндіз-ойнаймыз, секіреміз.</p> <p>Кешке-балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз.</p> <p>Түнде-ұйықтаймыз.</p> <p>Балалар кірпі</p> <p><b>«Пішіндерді санап шық»</b> дидактикалық ойынын ойнауды ұсынып тұр.</p> <p><b>Мақсаты:</b> геометриялық пішіндердің аттарын қайталау; санау машықтарын дамыту және нәтижені цифрмен белгілеу. Тақтаға он карточка ілінеді: біріншісінде-бір сопақ(көк), екінші-екі шеңбер (қызылт), үшіншісінде-үш шаршы (жасыл), төртіншісінде-төрт тікбұрыш (қоңыр) және т.б. (түсін немесе шамасын өзгерту арқылы фигураларды қайталауға болады). Ойын барысында балалар фигураларды және олардың түстерін атайды, мысалы: «Бұлар тікбұрыш</p>	<p>імдеп, жаңбыр сіркіреп, бұлақ сарқырап, гүлдер жайнап, құстар сайрап, барлық нәрсеге жан біткендей сезімде болады. Себебі күн шуағын төгіп көктем келді. Жан-жануар, өсімдіктер, өзендер ұйқыларынан оянгандай болады. Айна лаға киім төселгендей құлпыра түседі. Бұл –көктем!</p> <p><b>4Кмодельі коммуникация ,бала үні</b></p> <p><b>Рефл-ті коррекциялау</b> <b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> Бүгінгі сабақтан біз не білдік?</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Білу керек:</b> Балалар көктем туралы тақпақты білу керек.</p> <p><b>Болу керек:</b> Балалар жақсы, ақылды бала болу керек.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Өзін-өзі уқалау ж/е бірін-бірі уқалау, сылап сипау» <b>Мақсаты:</b> уқалау, сылап сипауға жаттықтыру. Балаларға уқалау мен сылап сипаудың жеңіл түрлерін үйрету. Бір</p>	<p><b>Рефл-ті коррекциялау</b> <b>Қорытындылау: Біз не білдік?</b> Біздің Отанымда қандай байлық бар? Біз өз Отанымызды қалай аялап сақтаймыз?</p> <p><b>2. Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>Көктем</b> <b>Мақсаты:</b> Ән тыңдау Музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек. Таныс музыкалық шығарманы тани білуге үйрету. Ән айту: әндегі жеңіл айтылатын, қайталанатын сөздерді әндепін айту.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Ән тыңдау, айту, жаттау. Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде. Гүл тереміз алуан, Көтеріліп алып көк белге.</p> <p>Көктем күні керемет, Жаңбыр жауар себелеп. Күн ашылса болғаны Көлбеңдейді көбелек.</p> <p>Бар табиғат нәр алып, Шыға келер жаңарып. Қызғалдақ боп құлпырған,</p>	<p><b>Мотив. қозғаушылық</b> Бір саптан екінші сапқа ауысып тұру. <b>Жұпта жүру:</b> әдеттегі, қосыламыз ажырамаймыз, қырымен, арқасымен алға қарай. <b>Жұпта жүгіру:</b> әдеттегі, біреуі алда, екіншісі артта ауысады. <b>Жүру:</b> тыныс алу жаттығуларын қайталау. <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> 1. Жұп болып тұрып, жалаушалармен орындалатын жаттығулар: Сызық алдында тұрып, екінші бала бірінші баланың екі аяғын ұстап, оны екі қолымен жүргізеді. Бір бірінің артынан тізіліп тұрып, біреуі оң аяғынан, екінші сол аяғынан ұстап жүреді. Бір бірне теріс қарап, қолдарымен «құлып» жасап тұру. Дәл солай қырымен жүру. Топтарға бөліну. Еденге жату. Бір бірне қарама қарсы отырып, қолынан ұстап алға еңкею, артқа шалқаю. Жатып орындалады: аяқты қарсы жатқан баланың аяғына тіреу, «велосипед» жат</p>
---	---	---	--	--

	<p>туралы түсінік беру. СӨС құруға баулу. Аурудың белгілерін білуге үйрету.</p> <p><b>Құрал-жабдықтары:</b> плакаттар, парақтар, қарындаштар.</p> <p><b>Мотив. қозғаушылық Әңгімелесу:</b> Әр жұқпалы ауру белгілі бір микробтардың әсерімен туындайды. Сендер микроб не екенін білесіңдер ме? Микробтар-жай көзге көрінбейтін, өте ұсақ тірі тіршілік иесі. Олар шарлар, таяқшалар, үтір, спираль түрінде болады.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> -Микробтар ауада, суда қара топырақта, жанурлардың және адамның денесінде болады. Микробтарды жел тарайды. Сау адамдар микробтармен күресе біледі. Адам денесін шынықтыру мақсатында таза ауада жүріп, шомылып, спорт түрлерімен айналысқаны жөн. Сонда ғана біздің денсаулығымыз мықты болып, ауырмайды екенбіз.</p> <p><b>Реф-ті коррекциялау</b> «Болады-болмайды» ойын</p> <p><b>Шарты:</b> тәрбиеші</p>	<p>тар, олар қоңыр түсті», оларды санайды: «Барлығы төрт тікбұрыш», тиісті цифрды табады.</p> <p>Кірпі қызғылықты өткізілген уақыт үшін алғыс айт ады да, қоштасып, кетеді.</p> <p><b>Реф-ті коррекциялау</b> Біз не білдік? Тәулік бөліктерін қайталадық. Пішіндердің түрлерін, түстерін, санын білдік</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Білу керек:</b> тәулік мезгілдерін білу керек;</p> <p><b>Болу керек:</b> Ұқыпты, ақылды, зейінді болу керек.</p> <p><b>2. Сурет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көрпеше»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Халық кәсіпшілігімен таныстыруды жалғастыру. Түсі бойынша кезек тесіп келген шаршыларды үлестіру арқылы құрақ аппликация ныbere отырып, көрпеше салуды үйрету. Түстерді үйлестіре білу маңызын дамыту.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> үлгіні көрсету, түсіндіру, оюны</p>	<p>бірін уқалау мен сылап си пауға жаттықтыру.</p> <p><b>Құрал-жабдықтары:</b> массажерлар.</p> <p><b>Мотив. қозғаушылық</b></p> <p>Бір қатар тізбекпен жүру: бір орында; арқасы мен алға қарап жүру; тізені жоғары көтеріп жүру. Баяу жүру. Тыныс алу процесін қалыпқа келтіру үшін жүру.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b></p> <p>Уқалау, сылап сипау туралы қысқаша түсінік берілді. Табанын және аяқтың саусақтарын өз еріктерімен уқалау. Табанды шеңбер тәрізді және спираль түрінде уқалау. Балтырды уқалау. Бір қолмен балтырды сипау және ысқылау. Өздігінен саусақтармен тізе буынын уқалау. Бөксені саусақтармен қысып ұстау және жоғарыдан төмен қарай бұлшықеттерді қысу. Бөксенің бұлшықеттерін сілкілеу. Жоғарыдан төменге қарай белді сипау. Белді уқалау. Белдің бұлшықеттерін сипау. Отырып қолдың саусақтарын уқалау. Шынтақ буынын уқалау. Басты уқалау. Кеудені сипау</p>	<p>Көктем біздің балалық.</p> <p><b>4К модельі командалық, бала үні</b></p>	<p>тығуын орындау. Бір біріне арқасымен түйісіп отырады, қолдары мен ұстасып, оңға және солға иіледі. Бір біріне арқаларын түйістіріп тұру. Көршінің аяғынан ұстап, жұпта секіру.</p> <p>2. Жүгіріп келіп, биіктікке секіру.</p> <p>3. «Допты ұстап қал» ойын.</p> <p><b>Реф-ті коррекциялау</b> Жартылай, отырып жүру.</p> <p><b>түсінеді:</b> ойын шартын;</p> <p><b>қолданады:</b> биіктікке секіру дағдыларын.</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>салауатты өмір сүру үшін қажетті және зиянды әрекеттерді бір сөйлеммен айтады. Балалар «болады», «болмайды» деген жауаптар қайтарады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>түсінеді:</b> микробтармен қалай күресу керектігін; <b>қолданады:</b> жеке тазалық сақтау шаралар;</p> <p><b>3. Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қояндар маршы» <b>Мақсаты:</b> Өлеңде не туралы айтылғанын әңгімелеуге үйрету. Балаларды табиғи дауыспен, күш салмай ән салу дағдыларын дамыту. <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> <b>Музыка тыңдау:</b> <b>«Қояндар маршы»</b> музыкасын жазған А.Райымқұлова <b>Ойынға қажетті құрал жабдықтар:</b> аюдың және бала саны бойынша қоян атрибуттары, үйшік, 5-6 шығыршық (обруч)</p>	<p>салуды үйрету. <b>Жылулық шеңбері:</b> Армысың Алтын Күн! Армысың Туған Жер Армысың, балабақша! Армысыздар, балалар <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Балалар бізге бүгін қонаққа қуыршақ келді. Ол өзінің әжесі тамаша ісмер екенің айтады. Әжесі түрлі-түсті құрақтарды құрастырып тігеді және көрпешені әшекейлейді. Балалар, көрпеше деген не? Ол не үшін керек? Ал сендердің үйлеріңде көрпеше бар ма? Суретші қандай әдемі көрпеше салғанын қараңдар. Әр түсті шаршылардың орналасқанына назар аударыңдар: бұрыштарды және ортасында-бір түс, ал олардың арасында-басқа түс. 1. Құрақтардың-шаршылардың қалай орналасатынын білу үшін, алдымен белгі салынады. Сендер белгі жасап қойыңдар. Жай қарындашпен үзік белгілер бойымен тік сызықтар жүргізіңдер. 2. Ортадағы және бұр</p>	<p>ысқылау, ақырын шапалақтап ұру. <b>Реф-ті коррекциялау</b> Жұп болып бір бірінің арқасын уқалау. <b>түсінеді:</b> уқалаудың пайдасы туралы; <b>қолданады:</b> уқалау, сылап сипау дағдыларын;</p>		
--	--	---	--	--	--

	<p><b>«Қояндар мен аю»</b> ойыны.  <b>Шарты:</b> Аю атрибутын киген тәрбиеші үйшік ішінде жасырынады. Ал «қояндар» бірнеше топқа бөлініп, «індерінде» (шығыршық ішінде) тізе бүгіп отырады.  <b>«Қояндар»</b> әуені (музыкасын жазған Т. Ломова) ойналғанда:  <b>1-4 такт.</b> «Қояндар» «індерінде» отырады.  <b>5-11 такт.</b> «Індерінен» шығып, секіріп, ойнақтайды.  <b>12- тактіндегі</b> аккордта «қояндар» зал ортасында тізе бүгіп отырады. «Аю» (музыкасын жазған А. Райымқұлова) ойналғанда:  <b>1-4 такт.</b> «Аю» қорбаңдап үйшіктен шығады. Бұл кезде қояндар жеңіл секіріп, еркін қимылдайды.  <b>5 такт.</b> Аю бір орында айналады.  <b>6-9 такт</b> Қояндар қашып, «індеріне» тығылады. Аю қояндарды қуып жетіп, ұстауға тырысады.  <b>4К модельі командалық, бала үні</b></p>	<p>ыш-бұрыштардағы шаршыларды қызыл түске бояймыз.  3. Олардың араларында қалған шаршыларды көк түспен бояймыз  <b>Саусақтарға гимнастика</b>  Бала, бала, балақан  Қане қайсы алақан?  Саусақтарын әйбәт  Былай-былай ойнат.  <b>Рефлексивті коррекциялау</b>  <b>Қорытындылау:</b>  «Біз не білдік?»  Ненің суретің салдық?  Құрақтардың пішіні қандай? Көрпешені немен безендірдік?  Қандай түстермен бояуды көбірек ұнады?</p>			
--	--	--	--	--	--

<i>Серуенге дайындық</i>	<b>Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.</b> <i>Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>				
<i>Серуендеу</i>	<i>Картотека № 3</i>	<i>Картотека № 4</i>	<i>Картотека № 5</i>	<i>Картотека № 6</i>	<i>Картотека № 7</i>
<b>Эстафеталық ойындар</b> <b>«Кім жылдам» шарты:</b> доппен кедергілер арасынан жүріп өту. <b>«Кім шапшаң» шарты:</b> картоп отырғызу (кішкентай күрек, тырманы белгілі жерден алып, бір жерден екінші жерге картоп отырғызу)					
<i>Серуеннен оралу</i>	<b>Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</b>				
